

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы

05 желтоқсан 2023 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қатысқандар саны: 9

Қатыспағандар: 0

Қатысқандар:

- 1.Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ.Табаналы
2. Кеңес мүшесі орынбасары – М.Қ. Қайыржанұлы
3. Кеңес мүшесі – С.М. Сауанаев
4. Кеңес мүшесі – М.Б. Байдрахманұлы
5. Кеңес мүшесі – М.М. Шукралиева
6. Кеңес мүшесі – Ш.Б. Абишева
7. Кеңес мүшесі – Г.М. Утарова
8. Кеңес мүшесі – Д.М. Сембай
9. Кеңес мүшесі – Б.Б. Дүйсенова

Күн тәртібінде

1.2023-2024 оқу жылына жасалған мектеп психологының жұмыстары, мұғалімдердің, оқушылардың жетістігі және оны марапаттау.

Мектеп психологы Төлеген Н.С.
ДӘЖО Мухамбетова А.Ж.

2. Аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету, спортты дамыту және дарынды балаларды қолдау.

Әлеуметтік педагог Бакишева Б.К.

3.Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушыларды демеушілер тарапынан киім-кешекпен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік педагог Нұрғалиева Г.Б.

4.Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру және өткізу.

ДТЖО Ж.Н. Әбденов

Тындалды

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ. Табаналы күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөз кезегін мектеп психологы Н.С.Төлегенге берді.

2023-2024 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша 5 бағытта жұмыстар жүргізілуде.

1.Диагностикалық бағыт бойынша 1-класс оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау барысында К.Иерасик әдістемесі жүргізілді. 2,3 класс оқушыларының пәндік қызығушылығын анықтау бойынша сауалнамалар жүргізілді. 4-класс оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау бойынша тест жүргізілді. 5 -класс оқушыларының орта буынға бейімделуін

барысында К.Иерасик әдістемесі жүргізілді. 2,3 класс оқушыларының пәндік қызығушылығын анықтау бойынша сауалнамалар жүргізілді. 4-класс оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау бойынша тест жүргізілді. 5 -класс оқушыларының орта буынға бейімделуін қалыптастыру бойынша Лусканова әдістемесі жүргізілді. 6-7 класс оқушыларымен мазасыздық деңгейін анықтау бойынша Филипс әдістемесі жүргізілді. 8-11 класс оқушыларының депрессиялық, агрессиялық мінез құлықтарын анықиау бойынша Дасс сауалнамасы жүргізілді. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардан анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, психологиялық қолдау көрсетілді.

2. Кеңес беру бағытында сұраныс ата- ана, оқушыларға жеке кеңес беру жұмысы жүргізілді. Атап айтар болсақ, 3 ата- ана және 25 оқушыға жеке кеңес беріліп, қолдау көрсетілді.

3. Түзету – дамыту бағыты бойынша 4-класс оқушыларымен топтық түзету жұмыстары жүргізілуде. 8 «В» класс оқушыларымен «Менің ортам» тақырыбында тренинг жүргізілді. 11- класс оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ҰБТ кезінде сенімділігін арттыру. 5,6,7 класс оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренингі өткізілді.

4. Профилактикалық , психологиялық ағарту бағыты бойынша алдын алу жұмыстары жүргізілді. «Қыз тәрбиесі- ұлт абыройы» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ерте жүктіліктің алдын алу, зиянды заттарды қолданбау, ұлттық тәрбие туралы түсіндірме жұмыстар жүргізу. 5-11 класс оқушы қыз балалары қатысты. Сонымен қатар « Сырғалым» қыздар клубы жұмысы жұмыс жасайды. Ата – аналар жиналысына қатысып, тренингтер өткізілді.

5 Ұйымдастыру – әдістемелік бағыт бойынша педагог- зерттеуші мұғалімдер,атап айтар болсақ музыка пәні, қазақ тілі пәні, бастауыш класс саласы бойынша қалалық, облыстық деңгейде өткізілген семинарларға қатысып, түрлі тренингтер өткізілді.

Мұғалімдердің, оқушылардың жетістігі және оны марапаттау жөнінде директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.Ж. Мухамбетова сөз алды.

«Зерде» ғылыми жобалар сайысының қалалық кезеңіне 20 оқушы қатысып, 10 оқушысы жүлделі орындарға иеленді. Облыстық кезеңіне 4 оқушы қатысып, оның ішінде 2 оқушы - 2 орын, 1 оқушы -2 орын, 1 оқушы Бас жүлдені иеленіп «Зерде» ғылыми жобаларының байқауынан республикалық кезеңіне жолдама алды. «Алтын сақа» математикалық олимпиададан 1-4 кластар бойынша - 5 оқушы, 5-9 кластар бойынша -1 оқушы, 10-11 кластарға арналған «Алтын түлек» олимпиадасында 1 оқушы жүлделі орындарға ие болды. 2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңінен жүлделі 1 орын иеленген 31 оқушы қалалық кезеңге қатысып, оның 30 % жүлделі орындар иеленді. Атап айтқанда 2 орын-3 оқушы, 3-орын-6 оқушы, Мадақтама -1 оқушы. Барлығы:10 оқушы.

9-11 класс оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық, облыстық пәндік олимпиададан алған жетістіктері.

Қазақстан тарихы пәнінен 9 «А» класс оқушысы -Таймағанбет Акерке ІІ орын иеленді. Жетекшісі: Байсеитова Г.Ж.

Облыстық кезеңінен, 9 «А» класс оқушысы -Таймағанбет Акерке Алғыс хатқа ие болады. Жетекшісі: Байсеитова Г.Ж.

Қазақстан тарихы пәнінен 11 «Б» класс оқушысы -Жолдыбаев Ақниет ІІ орын иеленді. Жетекшісі:Төреахметова Д.А.

Қазақстан тарихы пәнінен 10 «Б» класс оқушысы Кәдірбекова Жансая ІІІ орын иеленді. Жетекшісі: Данешова Ж.Р.

Ағылшын пәнінен Арыстанбекова Тоғжан III орын иеленді. Жетекшісі: Умбетова Ж.К.

Биология пәнінен 10 «Ә» класс оқушысы - Карабалина Сагира III орын иеленді.

Жетекшісі: Даулеткалиева М.К.

Физика пәнінен 9 «В» класс оқушысы-Тұрсынбай Жұлдыз III орын иеленді.

Жетекшісі: Сугурова Г.С

Физика пәнінен 11 «А» класс оқушысы - Асыр Диана Алғыс хатқа ие болды.

Жетекшісі: Нұрланқызы Саида

Химия пәнінен 10 «Б» класс оқушысы Саматова Акерке III орын иеленді.

Жетекшісі: Боқырова А.Б.

Химия пәнінен Ермұханбет Әмір III орын иеленді. Жетекшісі Боқырова А.Б.

10-11 класс оқушылары бойынша қалалық пәндік олимпиадада Математика пәні бойынша

10 «А» класс оқушысы Мухтарова Аруназ II орын иеленді.

Жетекшісі: Жумагулова М.М.

15 қараша Мәлік Ғабдуллиннің туған күніне орай қалалық оқушылар конференциясы ұйымдастырылып, оған қала мектептерінен 45 оқушы қатысты.

6-7 желтоқсан күндері Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Атырау қаласында білім беру ұйымдары басшыларының III Республикалық DIREKTOR'S CUP дәстүрлі дебат турниріне Ақтөбе қаласының атынан мектеп директоры Дабылбек Ниязбекович қатысып, жүлделі 3-орынға ие болды.

Мектебіміздің үздік оқушысы, пәндік олимпиадалардың республикалық, облыстық, қалалық кезеңдердің бірнеше дүркін жеңімпазы 11 «Б» класс оқушысы Жолдыбаев Ақниетке мектеп директоры Қудайбергенов Дабылбек Ниязбекович арнайы сыйлық ретінде «SAMSUNG» планшетін сыйлады.

Мұғалімдердің іс- тәжірибесін тарату мақсатында музыка пәнінің мұғалімі Базарова Інжу Нурсултановнаның шебер класы және көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қожаниязова Гулдария Минажтовнаның Ақтөбе облыстық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен педагогикалық шеберханасының, Ақтөбе қаласы әдістемелік кабинеттің жоспарына сәйкес бастауыш класс мұғалімі Абденова Гүлдана Дүйсенбаевнаның шебер кластарының 1 отырыстары өткізілді.

Жаңа жыл қарсаңында 2 оқушы Президент шыршасына қатысып және 1-класс оқушысына Президент сыйлығы табысталды. 2023 жылы жоспарланған жұмыстың 80% жасалынды, алдағы 2024 жылы мектепті дамыту жұмыстары әрі қарай жалғасын табады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Б. Нұрғалиева сөз сөйледі. Мектебіміздің оқушыларына 24.12.2023ж әлеуметтік қолдау көрсетіліп, облыс әкімінің шыршасына 3 «Б» класс оқушысы - Арун Айкөркем, 6 «Г» класс оқушысы - Еркін Абылай, 2 «Б» класс оқушысы - Айбек Аңсар қатысты.

27.12.2023 ж «Нокин» мәдениет үйінде Алматы ауданының әкімінің Жаңа жылдық шыршасы өтті. Мектебімізден 10 оқушы қатысты.

Қатысқан оқушылар:

1. Алтынбекқызы Айзере - 2 «В» класс
2. Бақыт Рамазан - 2 «А» класс
3. Алатаева Айзере - 3 «Ә» класс
4. Орынбасар Диас - 3 «Г» класс
5. Бегимбетова Алия – 5 «Б» класс
6. Әбдікадір Инабат – 4 «Г» класс
7. Абзалқызы Ұлболсын – 3 «Г» класс
8. Сайлыбай Бақдаулет – 5 «Г» класс

9. Төлеу Шапағат – 5 «Г» класс

10. Аргынбай Әмина – 3 «Б» класс

23.12.2023ж Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрда Ақтөбе қалалық маслихаты мен қоғамдық кеңес шыршасы демеушілігімен ұйымдастырылған жаңа жылдық шыршаға 6 «Г» класс оқушысы Абдрахманова Медина қатысты. Ұйымдастырушылар балаларға керемет көңіл-күй сыйлап, тәтті сыйлықтар мен смартфон табыстады.

24.12.2023ж Мектебімізде үйден оқитын 7 «А» класс оқушысы-Елубай Ақбота президент шыршасына барды. Жаңа жылдық шыршаға кітап және тәттілер және 10000 теңгелік сертификат табысталды.

25.12.2023ж Үйден оқитын ерекше мүгедегі бар 3 «Г» класс оқушысы Жәнібек Фариза Аскарбекқызына «Аманат» партиясының атынан жаңа жылдық тәттілер мен сурет салатын оқу құралдары берілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Нұрғалиева Г.Б сөз алды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушыларды демеушілер тарапынан киім-кешекпен қамтамасыз ету мақсатында Жаңа жыл мерекесіне байланысты мектебімізде аз қамтылған көп балалы, жартылай жетім, мүгедек, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасы балаларына жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау үшін ИП «Наурызбаев» - 50 сыйлық. ИП «Тасымал» - 50 сыйлық, Лекеров Әділбек 10 сыйлық, Самал Талғатқызы – 7 сыйлық. Шалабаев Бекжан -10 000 теңге. ТОО «Ақтөбе Адал құрылыс» Ахметбеков қаржылай көмектесті.(? қарау)

Қалалық білім бөлімінен ата-ананың өтінішімен 6 - класс оқушысы- Арун Дильназ, 3 –класс оқушысы – Арун Айкөркемге 15 желтоқсан күні АЗФ-тің №2 ұжымының демеушілігімен 74000 теңгеге, 2 оқушыға куртка және баскиім алып берілді.

«Мектепке жол» Республикалық акциясы жыл бойы жалғасын табады. Әлеуметтік акцияның қарсаңында, қазақ халқының мерейлі мерекесі ҚР-ның Тәуелсіздігі қарсаңында, «Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымдастыруының қауымдастығы» ЗТБ-ның төрағасы Ж.М Табылғановтың ұйымдастыруымен, 6 желтоқсан Халықаралық волонтерлер күніне орай, мектебімізде құрылған еріктілер қоғамы мүшелерінің қолдауымен, аз қамтылған, жетім басқа санатындағы жастар мен жасөспірімдерге қыстық киімдермен қамтамасыз ету мақсатында жеке кәсіпкерлердің қолдауымен ұйымдастырылды. Жиналған киім-кешектерді жас ерекшеліктеріне орай жекелеген санаттағы оқушылардың сынып жетекшілеріне шақырып, таратылып берілді. Ата-аналар атынан, мектеп тарапынан демеуші болған жандарға өз алғысымызды білдіріп, Алғыс хатпен марапаттадық.

Мектебімізде «Мейірімділік керуені» қайырымдылық жәрменкесі 1-11 кластар арасында ұйымдастырылды. Жәрменкенің мақсаты: Жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде оқушыларды әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға көмек қолын созуға дайын болуға, мейірімді, қамқор болуға тәрбиелеу. Жалпы 62 класс қатысты, кластар ұйымшылдықпен, ауызбіршілікпен жақсы деңгейде өткізді. Әр кластан ата-аналар белсенділік танытып, демеушілік жасады. Қайырымдылық акциясына барлық оқушылар қатыстырылып, өз үлестерін қосты. «Мейірімділік керуені» атты жәрменкеден түскен қаражат-272500 теңге. Қайырымдылық жәрменкесінен түскен қаражаттың 100000 тг мектеп әкімшілігінің келісімімен мектебімізде 11 класта оқитын ата-анасы жоқ оқушымыздың Қаденов Әмірдің отбасы банктегі жеке шотына салынды.

М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ «Мейірімділік керуені» қайырымдылық акциясынан түскен қаражатқа күн көрісі төмен, аз қамтылған отбасының балаларына берілген киімдер.

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Статусы	Алған киімдері	Суммасы
1	Жылқайдаров Сералі	7 «Г»	Жартылай жетім	Куртка-15000	15000
2	Оразалы Бекасыл Болатұлы	5 «Г»	АСП	Куртка-15000	15000
3	Есім Алихан Алматұлы	7 «Б»	АСП	Аяқ киім-7000	7000
4	Айбек Аңсаған	6 «Г»	Аз қамтылған	Аяқ киім-7000	7000
5	Еркін Абылайхан	3 «Г»	Аз қамтылған	Куртка, аяқ киім-15000	15000
6	Жәрдемберген Айым	4 «Б»	Аз қамтылған	Куртка-10000	10000
7	Азаматқызы Фатима	4 «Б»	Аз қамтылған	Аяқ киім-6000	6000
8	Мұхамбетқабыл Алия	10 «А»	Аз қамтылған	Етік-15000	15000
9	Мұхамбетқали Нұрай	5 «В»	Аз қамтылған	Куртка-10000	10000
Куртка-5, етік-5 Барлығы-100000 тг (жүз мың тенге)					

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.Н. Әбденев сөз алды.

Жаңа жылды күтуде мектепке жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру мен өткізуге дайындықты біз ерте бастадық. Жаңа жылдық мерекеде балалар ерекше, қуанышты қарым-қатынас пен жақсы, сапалы орындалған бағдарлама күтеді. Сол себепті біз оқушылармен, ата-аналармен бірге ақылдаса отырып, Т.Ахтанов драма театрының актерлерінің ұйымдастыруымен жаңа жылдық кеш ұйымдастырды. Жаңа жылдық кеште Аяз Ата, Ақшақар, түрлі кейіпкерлер образға еніп, тамаша көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар мектебіміздің оқушылары кластар бойынша кабинеттеріне, дәліздерге қолдан безендірулер жасау жоспарланып, жүзеге асырылды. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен үйден оқитын оқушылардың үйлеріне барып, құттықтаулар айтып, сыйлықтар үлестірілді.

Қаулы:

1.2023-2024 оқу жылында жасалған мектеп психологының жұмыстары қанағаттарлық деп танылсын. Жалпы білім беретін пәндік олимпиададан, «Зерде» ғылыми жобасынан,

облыстық, республикалық маңызды жобалардан орын алған оқушы жетістіктері мен мұғалім жетістіктері бағаланып, марапатқа ұсынылсын.

2. Аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету жалғасын таба берсін.

3. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушыларға демеушілік жасаған азаматтар марапатталсын


4. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н. Әбденовқа жүктелсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы



К.К. Табаналы

Хатшы



А.А. Тансикова